



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 26/104
29 маусым



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚАЛА ӘКІМІНІҢ МАРАПАТЫ



Жыл сайын аталып өтілетін 28-маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні қарсаңында, туған күні құрметіне және зейнетке шығуына орай Приозерск қаласының әкімі Мансұр Талғатұлы Ахметов қаламызға танымал ақын, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының және Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы, «Жаңа Қазақстанның жаңа 100 есімі» атағаның иегері, бірнеше конкурстардың жеңімпазы, «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетіміздің меншікті тілшісі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі қалалық аппарат жиынында құттықтап, қазақ халқының қашаннанғы қалыптасқан әдет-ғұрпына орай иығына ұлттық шапан жауып, ат мінгізу рәсімі ретінде қаржылай сертификат табыстады. Әріптесімізді қабаттасып келген атаулы күндерімен редакция ұжымы да шын жүректен құттықтайды және ақсақалдық жасқа жеткен тұлғаға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат, әлі де шығармашылық жетістіктер мен табыстар тілеп, қысқаша ғұмырнамасын газет оқырмандарының назарына ұсынады:

Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі – 1961-жылғы 22-маусымда Өзбекстан Республикасы Науаи облысының Тамды ауданында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргесін аудандық партия комитетінің жолдамасымен 1 жыл әкесіне көмекші шопан болып жұмыс істейді.

1979-жылы Самархан зооветеринария техникумына оқуға түскен. 1982-1984-ж.ж. аралығында әскер қатарында қызмет етеді. 1984-1992-ж.ж. Тамды аудандық «Социалистік шаруашылық» (бүгінде «Тамды шаруагері») газетінде тілші, жауапты хатшы қызметтерін атқарған. 1987-1993-ж.ж. Алматы қаласындағы Эль-Фараби (бұрынғы Киров) атындағы Қазақ Ұлттық мемлекеттік университеті журналистика факультетінің сыртқы бөлімінде оқып, бітіреді. 1992-1994-ж.ж. аралығында Алматы қаласындағы «Азия» халықаралық газетінде тілші болып қызмет атқарады. 1995-жылы тарихи Отаны – Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысының Приозерск қаласына көшіп келіп, әртүрлі салаларда қызмет етті. Қазақ мектебінде аудармашы, Балқаш аудандық пайдалану бөлімінде мемлекеттік тіл оқытушысы және аудармашы болып қызмет атқарған. Бүгінде «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетінің арнаулы тілшісі. Мақалалары облыстық «Орталық Қазақстан», республикалық «Қазақстан Заман» және «Ұлт мұраты» газеттері мен «Денсаулық» журналында жарияланып тұрады.

Қазақстан жазушылар Одағының және ҚР журналистер Одағының мүшесі. «Туған жерім – тұғырым» және «Көңіл күнделігі» жыр жинақтары, «Құржынтүбек – құт мекен» атты публицистикалық кітабы жарыққа шыққан. Бірнеше жыр мүшәйралары мен байқауларының жүлдегері. 2013-жылы Сәтпаев қаласының 40 жылдығына арналып өткен жабық жыр мұшайрасында жүлделі ІІІ орынды иеленеді. Ұлттық мұра бойынша 100 кітап бағдарламасына орай өлеңі кітап жинағына енген.

2016-жылғы қыркүйек айының 16-жұлдызында Қарағанды облысы әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығының «Тіл жаршысы» аталымы бойынша лауреаты және бірінші орын жеңімпазы. 2023-жылғы облыстық тіл басқармасы ұйымдастырған «Балаларға жыр арна!» байқауының жүлдегері. Қазақстан республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, қала әкімінің Құрмет грамоталарымен, «Аманат» партиясының Алғыс хаттары және Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы. 2024-жылы қоғам дамуына айрықша үлес қосқаны үшін «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ 100 ЖАҢА ЕСІМІ» атағымен марапатталып, төсбелгі және куәлігі берілді.

Қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. «Атамұра» этно-мәдени бірлестігінің, Приозерск қаласы бойынша өзін-өзі басқару аумақтық кеңесінің мүшесі. 2021-жылдың тамыз айынан бастап Приозерск қаласы әкімінің мүгедектер мәселесі бойынша кеңесшісі.

ҚҰРМЕТТІ ЖУРНАЛИСТЕР, БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Ақпарат саласы – қоғамдық пікір қалыптастыратын маңызды сала. «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» ретінде елге адал қызмет ету – әр журналистің абыройлы міндеті. Сіздер қашанда ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, ел қамы үшін қалам тартып жүрсіздер. Мемлекетшілдік құндылықты дәріштеп, жасампаздық пен жақсылықтың жаршысы болып келесіздер. Мемлекет пен қоғамның ортасында алтын көпір болып жүрген журналистердің еңбегі зор. Шынайы ақпарат таратудың жауапкершілігін сезініп, ұлттық мүдденің биігінен көріне беріңіздер. Еліміз берекелі бірлік пен ырысты ынтымақтың арқасында өсіп-өркендей түссін! Журналистер жағымды жаңалығымен жұртшылықты қуанта берсін! Баршаңызға шығармашылық шабыт, толағай табыс тілейміз! Мереке құтты болсын!

Қазіргі заманды ақпаратсыз елестету өте қиын. Мерзімді баспасөз басылымы қызметкерлерін, біздің қаламызды ақпаратпен байытып отырған «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетінің өкілдерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймыз!

Шын жүректен Сіздерге шығармашылық шабыт тілеп, жаңа бастамаларыңыз жүзеге асын дейміз. Отбасыларыңыз бен жақындарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілейміз!

Приозерск қаласының әкімі Ахметов М.Т.

Приозерск қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.

Махамбет ИСАТАЙ

ҚЫРЫҚ КҮН ШІЛДЕ БОЛҒАНДА...

Шілдеде неге 40 күн? Қазақта ай, ауа райы мен табиғат құбылыстары атауларының өзіндік мағынасы бар. Ата-бабамыздан қалған сөздер бойынша, маусым айының басында үркердің мүлде көрінбей кетуін «үркердің батуы» деп атайды. Кейде үркердің жерге түсуі дейді. 24-маусымда Үркер таң ата батыстан көрінеді де, содан шілде айында 40 күнге созылатын ыстық басталады. Халық жұлдызшылары «Үркер жерге түспей жер қызбайды» деген. 25-маусым мен 5-тамыз арасындағы жаздың ең ыстық қырық күнін «Ұлы шілде» деп атайды. Оның өзі кіші шілде (5-шілде-25-шілде) және үлкен шілде (25-шілде – 5-тамыз) болып екіге жіктеледі.

Шілде сөзінің түбірі парсы тіліндегі «чиһал, чиһил» сөзінен шыққан. Ол «қырық» деген сөзді білдіреді. Ал ай ортасындағы аңызға аптап күндер «шіліңгір» деп аталады. Қазақ есепшілері жаздың ыстығы мен қыстың суығы қырық күндік уақытпен есептеп, «қырық күн шілде» деп атаған. Қырық күн шілде деп жаздың нағыз аспан айналып жерге түсер ыстығын айтады. Бұл халық аузында «суыр» деп те аталады. «Сұмырай» сөзі «суыр айы» деген мағынаға саяды деседі. Қазақта «Сұмырай келсе, су құриды» деген мақал бар, яғни, шіліңгір шілде басталса, құрғақшылық жайлайтынын меңзеген.

Ежелгі қазақ күнтізбесі бойынша шілдені «әсет» деп те атаған. Кейбір деректерде «асад» деп қолданылады. «Асад» сөзі араб тілінде «арыстан» сөзін білдіреді. Жұлдыз белгілері бойынша «Арыстан» шокжұлдызының атауы. Батыс қазақстандықтар шілде-тамызда тұзды сордың шипалы қара балшығына түсіп, ем алатын кезді «тұз айы» деп те атайды. Халық арасында тас

балқытар ыстық күннің тек шілдеде болатыны да айтылып кеткен. «Қысқы шілдеде қу сақта, жазғы шілдеде су сақта» деген мәтел бар.

Шілденің ауа райын қазақтар қалай болжаған? Халық даналығында аңызға ыстық күндері табиғаттағы белгілі бір өзгерістерге қарай алдағы күннің ауа райын болжауға болады екен. Мысалы, шілденің алғашқы он күнінде: Таңертең шөп басы құрғақ болса – түнде жаңбыр жауады; Найзағай күркірі жаңғырып естілсе – нөсерлетеді; Шық қалың түссе – аспан шайдай ашылады; Таңертең өзен, көл суын тұман бауырласа – ауа райы жақсарады; Көлмектен тұнба иіс мүнкісе, өткініші жауыннан кейін кемпіркосақ солтүстіктен оңтүстікке тартылып, қанық қызыл түске боялса – жаңбыр жауады.

Шілденің екінші он күнінде: Көкек шақыруын тыймаса жаз ұзаққы созылады; Ағаш жапырақтары сарғая бастаса – күз бен қыс ерте түседі. Шілденің үшінші он күнінде: Аптап басталады; Жерді шық басқан «жылауық» күндер туады; Ауа ыстық болса – келер желтоқсан суық болады; Қымыздық бітік шықса алдағы қыс жұмсақ болады; Арша гүлдеген кезде шілде аяқталып, тамыз туады.

Дәрігердің кеңесі бойынша шілде айында бөлмені жиі желдетіп, терезелерді қараңғылап қою қажет екен. Үйді салқын ұстау үшін терезелерді таңертең ерте және кешкі мезгілде ашып желдетіп алған жөн. Жарық шамдарын жылуды аз бөлетін диодты шамдарға ауыстырған жөн. Еденді күніне екі-үш рет сулап сүрткен дұрыс. Ірі жапырақты гүлдер де бөлмені салқындатады. Олардың жапырақтарына су бүркіп тұру қажет. Терезеге фольга қағазын жапсыруға болады.

Күн өткен адамның терісі қыза-

рып, құрғап, тер шығуы тоқтайды. Басы ауырып, жүрегі айниды. Есінен айрылып, бұлшық еттері тырысады. Ыстық өткен адамды салқын әрі ауасы таза жерге жатқызып, денесін салқын сулы шүберекпен жауып, су ішкізу керек. Күйген теріге мұз қоюға, адамды тондыруға, ыстығын түсіру үшін аспирин немесе басқа дәрі ішкізуге болмайды. Мұндайда бірден дәрігерге жүгінген жөн. Аптап ыстық жүрек-қан тамыр аурулары бар адамдарға үлкен қауіп төндіреді. Ыстық ауа ағзадағы қан айналым жүйесіне кері әсерін тигізеді. Ағзадағы су жоғалып, қан ұйып қалады. Салдарынан тромб түзіліп, тамырлар қысылады. Бұл уақытта тромбозға бейімділік пайда болып, артериалды қан қысымының жоғарылауы да, төмендеуі де байқалады. Ыстық ауа райынан инфаркт, инсульт, қан ұйылу тәрізді қан-тамырлар ауруы көбейеді. Сондықтан жүрек-қан тамырлары аурулары бар науқастар жылдың осы мезгілінде өте мұқият болу керек. Пациенттер дәрі-дәрмекті өзімен бірге алып жүруі қажет. Мысалы, гипертониямен ауыратындарда қан қысымын төмендетуге арналған дәрілер, ал жүректің ишемиялық ауруы бар науқастарда стенокардия ұстамасын басатын аэрозоль немесе басқа да дәрілер болуы керек.

Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының сарапшылары келесі 5 қағиданы есте сақтауды сұрайды: Ғимарат ішіндегі салқын ауаны сақтау. Терезені айқара ашпай, перде мен жалюзиді түсіру қажет. Кондиционер ыстықтан қорғағанымен оның астында екі сағаттан артық отыруға болмайды; Бас киім мен мақтадан тігілген ақшыл түсті киімдер киіп, көлеңкеде жүруге тырысу керек. Жазда міндетті түрде күннен қорғайтын

көзілдірік кию қажет, себебі қан тамырларының қысылуынан көз бұлшықеттеріне қысым түсуі мүмкін; Күн астында 11:00-ге дейін немесе 16:00-ден кейін ғана қыздыруға болады. Күн астында бір жарым сағаттан артық жатпауға тырысыңыз және күннен қорғайтын құралдарды пайдаланыңыз; Ыстық ауа райында сұйықтықты көп ішіңіз және салқын душ қабылдаңыз. Бұл сұйықтық теңгерімін ұстауға көмектеседі; Алкогольді ішімдіктер дене температурасын едәуір көтереді, сондықтан ыстық ауа райында одан бас тартқан жөн. Никотин қанға оттегінің келуіне кедергі жасайды, қан тамырларын кішірейтеді, сондықтан ыстық ауа райында шылым шегу де қауіпті.

Жүргізушілерге құлаққағыс! Көлік айдасаңыз, жолға өзіңізбен бірге салқындатылған сусындар алып жүріңіз. Дене ысып, өзіңізді нашар сезінсеңіз, онда көлеңкеге тоқтап, демалып алыңыз. Автокөліктен шығып, далада жүре тұрыңыз, сол уақытта көлігіңіздің барлық терезелерін ашып қойыңыз. Өзіңізді жақсы сезінгеннен кейін ғана көлікке қайта отырыңыз. Балаларды ешқашан жабық көлікте қалдырмау керек. Аптап ыстықта мойынға дымқыл орамал тағып алуға да болады. Жиі-жиі беті-қолыңызды салқын сумен жуыңыз. Көлік қозғалтқышы қызып кетсе көлеңкеге қойып, салқындауын қадағалаңыз», – дейді білікті дәрігерлер. Жыл айналып келіп тұратын шілде айының ыстық аптабынан абай болу керектігін ескертіп, осынау кеңес-мақаланы Приозерск қаласының тұрғындары үшін дайындадық. Аман-сау болайық, жерлестер!

*Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.*

ӘДЕП КОДЕКСІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер: мемлекеттік саясатты жақтауға және оны дәйекті түрде іс жүзіне асыруға, өзінің әрекеттерімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекеттік қызметке кір келтіретіндей әрекеттер жасауға жол бермеуге; мемлекеттік қызметке, мемлекетке және оның институттарына қоғамның сенімін сақтауға және нығайтуға міндетті.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, кішіпейілділік танытуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға және қоғамдық имандылыққа қолсұғумен ұштасқан қоғамға қарсы мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан жасалатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуге тиіс.

Мемлекеттік органның басшылығы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндіру жағдайлары туралы хабарлаған мемлекеттік қызметшінің құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын қудалаудан қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

Мемлекеттік қызметшілер жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге тиіс.

*Приозерск қалалық сотының
бас маманы
Жазира Куртибаева*

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ҚҰҚЫҚТЫҚ ПІКІР

«Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс» азаматтардың нақты құқықтарын қорғау мәселесін реттейді. Заңда көрсетілгендей, сот алдағы уақытта әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерін, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қалмайды. Атап айтқанда, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге құқылы. Бұл заң аясында судьяға және өкілеттіктер мен құқықтар беріліп отыр. Яғни, судья әкімшілік істің нақты және заңды

тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Бұрынғы заң бойынша судьяға ондай құқық берілмейтін. Судья іске байланысты өз пікірін айтуға тиіс емес болатын.

Кодекс мемлекеттік құрылымдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттырып, мемлекеттік органдардың шешім қабылдау процесінде және сотта мемлекеттік органдармен дауларды қарау кезінде азаматтар мен бизнестің құқықтарын қорғауға септігін тигізетіні сөзсіз.

Сот төрағасы Б.А.Дауыбаев

ЖЕР УЧАСКЕСІН НЕМЕСЕ ЖЕР УЧАСКЕСІН ЖАЛДАУ ҚҰҚЫҒЫН САТУ ЖӨНІНДЕГІ САУДА-САТТЫҚ (АУКЦИОН) ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті әлеуетті сауда-саттыққа қатысушылар! «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрлысы бөлімі» ММ-сі 2024 жылдың 12 шілдесінде сағат 10:00-де (Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша) Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі бағасын көтеру әдісі бойынша электрондық аукцион өткізеді.

Аукционға қатысуға өтінім беру Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 297 бұйрығымен бекітілген «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» қағидаға сәйкес қабылданады.

Аукционға қатысуға өтінімдерді беру және тіркеу аукцион өткізу туралы хабарландыру тізілімінің веб-порталында жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады, содан соң қатысушылар берген өтінімдерін кері қайтара алмайды.

Аукционға қатысу үшін мыналарды:

1) жеке тұлғалар үшін:

- жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

2) заңды тұлғалар үшін:

- бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп-айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (почталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail) көрсете отырып, тізілімінің веб-порталында алдын-ала тіркелу қажет.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін нысан бойынша қатысушының ЭЦҚ қол қойылған сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізілімінің веб-порталында тіркеу қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қатысушының хабарламада көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілімің веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Тізілімінің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімінің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

Аукционға жіберілген қатысушыға тізілімінің веб-порталы беретін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі.

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион сату объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша басталады.

Әрбір сатылған сату объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімінің веб-порталында қол қояды.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының сату объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін белгілейтін құжат болып табылады.

Сатып алу-сату шарты немесе жалдау шарты электрондық форматта тізілімінің веб-порталында жасалады және сатушы мен сатып алушы ЭЦҚ пайдалана отырып сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде оған қол қояды. Бұл ретте сатушы сатып алушыға сауда саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде қол қоюға сатып алу-сату шартының жобасын ұсынады.

Аукционға қатысу үшін кепілдік жарналар мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың төмендегі шотына төленеді: Төлемді алушы: «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ; БСН: 050540004455; ТТК: 171; БЕК: 16.

Банк атауы: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ; ЖСК: KZ94601711100000330; БСК: HSBKCKZKX.

Төлем мақсаты: Электрондық аукционға қатысу үшін кепілдік жарна.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жеңімпазға ол сауда-саттықтардың нәтижелері туралы хаттамаға не сатып алу-сату шартына қол қоймаған жағдайда кепілдік жарнаны қайтармайды.

Қалған барлық жағдайларда кепілдік жарналар аукционға қатысушы бірыңғай операторға тізілімінің веб-порталында қатысушының қол қойылған ЭЦҚ арқылы, өтініш берген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қайтарылады.

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер учаскесінің ауданы, ш.м.	Бастапқы құны, Теңге	Жер учаскесіне құқық түрі	Жылдық жалға алу төлемі	Кепілдік жарна теңге	Жер учаскелеріне ауыртпалықтар (шектеулер)
1	Приозерск қаласы, Дружба Народов кө-сі, № 2 жер учаскесі	Демалыс аймақ құрылысын салу үшін	0,2	345 600	5 жыл	29529	184 600	-
2	Приозерск қаласы, Дружба Народов кө-сі, жер учаскесі	Қонақ үй кешені бар кафе салу үшін	0,1	172 800	5 жыл	14765	184 600	-
3	Приозерск қаласы, Гранитный өткелі, гараждар аймағы №1, 2 қатар, 28 жер учаскесі	Гараж құрылысын салу үшін	0,0024	4 608	5 жыл	354	184 600	-
4	Приозерск қаласы, Гранитный өткелі, гараждар аймағы №1, 2 қатар, 27 жер учаскесі	Гараж құрылысын салу үшін	0,0024	4 608	5 жыл	354	184 600	-
5	Приозерск қ, Панфилов көшесі, гаражний алабы, 4 қатар, 108 жер учаскесі	Гараж құрылысын салу үшін	0,0024	23 040	Жеке меншік	-	184 600	-
6	Приозерск қ, Панфилов көшесі, гаражний алабы, 4 қатар, 105 жер учаскесі	Гараж құрылысын салу үшін	0,0024	23 040	Жеке меншік	-	184 600	-

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ТОРГОВ (АУКЦИОНА) ПО ПРОДАЖЕ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА ИЛИ ПРАВА АРЕНДЫ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА

Уважаемые потенциальные участники торгов! ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск» информирует о том, что 12 июля 2024 года в 10:00 часов (по времени города Нур-Султан) проводится электронный аукцион по продаже земельного участка или права аренды земельного участка методом повышения цен на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz (далее – Портал).

Поддача заявок на участие в аукционе осуществляется в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года № 920 «Об утверждении Правил продажи объектов приватизации» и приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 19 октября 2021 года № 297 «Об утверждении Правил организации и проведения торгов (конкурсов) по продаже земельных участков или права аренды земельных участков в электронном виде на веб-портале реестра государственного имущества».

Поддача и регистрация заявок на участие в аукционе осуществляется со дня публикации объявления о проведении аукциона на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала аукциона, по истечении которых участники не могут отозвать поданную заявку.

Для участия в аукционе необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале реестра с указанием:

1) для физических лиц: индивидуального идентификационного номера (далее - ИИН), фамилии, имени и отчества (при наличии);

2) для юридических лиц: бизнес-идентификационного номера (далее - БИН), полного наименования, фамилии, имени и отчества (при наличии) первого руководителя;

3) реквизитов расчетного счета в банке второго уровня для возврата гарантийного взноса;

4) контактных данных (почтовый адрес, телефон, факс, e-mail).

Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие, подписанную ЭЦП участника.

ВНИМАНИЕ! Основаниями для отказа веб-порталом реестра в принятии заявки являются несоблюдение участником требований, указанных в извещении, а также не поступление за два часа до начала аукциона гарантийного взноса, указанного в извещении о проведении торгов.

По результатам автоматической проверки веб-портал реестра направляет на электронный адрес участника, указанный на веб-портале реестра, электронное уведомление о принятии заявки либо причинах отказа в принятии заявки.

Участнику, допущенному к аукциону, предоставляется доступ к аукционному залу по аукционному номеру, присваиваемому веб-порталом реестра.

Участники аукциона в течение одного часа до начала аукциона заходят в аукционный зал, используя ЭЦП и аукционный номер. Аукцион начинается в указанное в извещении о проведении торгов время города Нур-Султан путем автоматического размещения в аукционном зале стартовой цены объекта продажи.

Результаты аукциона по каждому проданному объекту продажи оформляются электронным протоколом о результатах аукциона, который подписывается на веб-портале реестра продавцом и победителем с использованием ЭЦП в день проведения торгов.

Протокол о результатах аукциона является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи объекта продажи по цене продажи.

Договор купли-продажи или договор аренды заключается в электронном формате на веб-портале реестра и подписывается продавцом и покупателем с использованием ЭЦП в срок не более десяти календарных дней со дня подписания протокола о результатах торгов. При этом, продавец представляет покупателю проект договора купли-продажи на подписание в срок не более пяти календарных дней со дня подписания протокола о результатах торгов.

Гарантийные взносы для участия в аукционе вносятся на реквизиты единого оператора в сфере учета государственного имущества: Получатель платежа: АО «Информационно-учетный центр» БИН: 050540004455; КНП: 171; КБ: 16.

Расчетный счет (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ94601711100000330; БИК: HSBKCKZKX.

Назначение платежа: Гарантийный взнос для участия в электронном аукционе

ВНИМАНИЕ! Гарантийный взнос не возвращается победителю в случаях не подписания протокола о результатах торгов либо договора купли-продажи.

Во всех остальных случаях гарантийные взносы возвращаются в срок не позднее трех рабочих дней со дня подачи заявления единому оператору от участника аукциона, подписанного ЭЦП участника на веб-портале реестра.

№	Местонахождение земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Площадь земельного участка, га.	Начальная цена, тенге	Вид права земельного участка	Годовая арендная плата	Гарантийный взнос, тенге	Обременения (ограничения) на земельные участки
1	г.Приозерск, ул.Дружба Народов земельный участок № 2	Для строительства зоны отдыха	0,2	345 600	5 лет	29529	184 600	-
2	г.Приозерск, ул.Дружба Народов земельный участок	Для строительства кафе с гостиничным комплексом	0,1	172 800	5 лет	14765	184 600	-
3	г.Приозерск, ул.перулок Гранитный проезд, гаражний массив №1, 2 ряд земельный участок 28	Для строительства гаража	0,0024	4 608	5 лет	354	184 600	-
4	г.Приозерск, ул.перулок Гранитный проезд, гаражний массив №1, 2 ряд земельный участок 27	Для строительства гаража	0,0024	4 608	5 лет	354	184 600	-
5	г.Приозерск, ул.Панфилова, гаражний массив, 4 ряд-108 зем.участок	Для строительства гаража	0,0024	23 040	частная собственность	-	184 600	-
6	Приозерск қ, Панфилов көшесі, гаражний алабы, 4 қатар, 105 жер учаскесі	Для строительства гаража	0,0024	23 040	частная собственность	-	184 600	-

Организатор: ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск», телефон для информации: 8 (71039) 5-32-48, 8 (71039) 5-39-16.



2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефондары
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жүсіпов Ахан Жармаханұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-28-59
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Дюсенбаев Абиль Зейнелкапдулович	Бас маман	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-29-03

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-27-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты. Сейсенбі сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-27-92

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела. Вторник с 17:00 до 18:00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ, СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-32-48, 5-39-16

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі дүйсенбі - жұма сағат 16.00 ден 17.00 ге дейін қабылдайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «ОТДЕЛ ЗЕМЕЛЬНЫЙ ОТНОШЕНИЙ, АРХИТЕКТУРЫ И ГРАДОСТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-32-48, 5-39-16

График приема граждан руководителем отдела - понедельник - пятница с 16.00 по 17.00

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-38-70

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері: сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, 15.00-ден 17.00-ге дейін.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ Г. ПРИОЗЕРСК» 5-38-70

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела - понедельник, среда, пятница с 10.00 до 12.00; с 15.00 до 17.00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-20-17

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - дүйсенбі-жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-20-17

График приема граждан руководителем отдела - Понедельник-Пятница с 17.00 по 18.00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16

Мәслихат төрағасы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА» 5-33-16

Председатель городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16

«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді даму, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің азаматтарды қабылдау күні әр аптаның дүйсенбі күні сағат 16:00-17:00 аралығында.

Сенім телефондары: 8(71039)5-40-93, 8(71039)5-40-95

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Х А Б А Р Л А М А

Приозерск қаласының, «Сарышаған Сужылу - 2014» ЖШС, 17.07.2024 жылы, сағ.16.00 де Косманавтов көшесі 2, КГКП «Достық» балалармен жасөспірімдер бірлестігі орталығында 2024 жылдың 1-ші жарты жылдығында атқарылған жұмыстар туралы қоғамдық тыңдау өткізеді.

«Сарышаған Сужылу -2014» ЖШС басшылығы

О Б Ъ Я В Л Е Н И Я

ТОО «Сарышаған Сужылу - 2014» г. Приозерск 17.07.2024 года 16.00 часов, по адресу ул. Косманавтов 2, КГКП «Центр детское-юношеского товарищества «Достық», проводит общественное слушание о проведенных работах за 1 полугодие 2024 год.

Администрация ТОО «Сарышаған Сужылу -2014»

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМ АППАРАТЫ» ММ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ: 5-30-06

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты:

Қала әкімі – әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) – әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) – әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «АППАРАТ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»: 5-30-06

График приема граждан:

Акима города – еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель акима (коммунальная сфера) – еженедельно по вторникам с 17.00 часов

Заместитель акима (социальная сфера) – еженедельно по средам с 17.00 часов

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №26/104, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.